

**«Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің  
Жайма жалпы орта білім беру мектебі» КММ  
Қамқоршылық кеңес жиналысының №3 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 26 қараша 2020 жыл

**Қатысушылар:** Мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесі мүшелері.

**Қатыспағандар:** жоқ

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. №77-Н бұйрығымен таныстыру.
2. Жаңа жыл мерекесін өткізу ретін талқылау

**Тыңдалды:**

Мектеп директоры Мухтарова Г.А.

2020 жылдың 26 қарашада келген №77-Н бұйрығымен таныстырып өтейін.

«Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының тапсырмасы негізінде:

1. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында мектеп оқушыларының жаңа жылдық сыйлықтар алуға, сыйлыққа ақша жинауға қатаң тыйым салынсын.
2. Оқушылардың біркелкі жаңа жылдық мерекелік киім алуға мәжбүрлеуге тыйым салынсын, отбасының әлеуметтік жағдайы ескерілсін.

Ата-аналар талқыға салған тағы бір тақырып - мектептегі шырша тойын өткізу жайы болды. Әсіресе, бастауыш сынып оқушылары асыға күтетін шырша тойының көңілді, есте қаларлықтай болып өтуі үшін және мұғалімдерді негізгі міндеттері оқу-тәрбие процесінен алаңдатпау мақсатында, ата-аналар қауымына шырша тойын тойлауға, сахналық костюмдерін алуға індетке байланысты рұқсат берілмеуін ортаға салынып айтылды.

**Жиналыста сөйлеушілер:**

Қамқоршылық кеңесі мүшесі Айтбаев Қ.Т. сөз алды.

Жылына бір рет келетін «Жаңа жыл» мерекесін балаларымыз асыға күтеді, бірақ еліміздегі індетке байланысты, осы жылы ол мерекені тойлауға тыйым салынсын.

**Қабылданған қаулы:**

1. Мектептегі шырша тойын еліміздегі жағдайға байланысты өткізілуге тыйым салынсын.
2. Оқушыларға жаңа жылдық сыйлық сыйлауға мәжбүрлеуге тыйым салынсын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



Айтбаев Қ.Т.

Боранбаева А.К.